

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Асқар БӨРІБАЕВ:

**Абай театры Абай жолымен жүргенде ғана
алға адымдайды**



Жуырда ғана Алматыдағы Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрына жаңа жетекші тағайындалғанды. Аталмыш театрға басшылық етуге кіріскеніне небәрі екі апта өткен музыка саласының бел баласы Асқар

Бөрібаевпен жедел жолығып, әңгімелесуге екі оқиға себеп болды. Біріншіден, қазан айының 25-26 күндері бұл театрдың Франция елінде гастрольдік сапары өтіп, Париж қаласында «Абай» операсы қойылады. Ал екінші жаңалықтан сұхбат барысында хабардар боласыздар.

– Асқар Исмайылұлы, «Абай» операсы қазақ тілінде Париждегі Theatre des Champs-Elysees сахнасында қойылады екен. Сонау Әміре Қашаубаевтан кейін Францияда осы тәуелсіздік жылдарында екі елдің мәдени күндерінің аясында талай музыка тарландары өнер көрсетіп жүрсе-дағы, бұл оқиғаның орны бөлек болса керек?

– Үш тұлға –Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди, Мұхтар Әуезов дүниеге әкелген «Абай» – ұлттық операның інжумаржаны. Бұл опера Батыста жоғары бағалана бастады. Мұның алдында «Абай» операсын былтырғы жылы Германияда Оңтүстік Тюрингия опера театрында неміс режиссері Ансгар Хааг немісше аударып, неміс тілінде қойған. Сол кезде Абай партиясын Оңтүстік Кореяның бас баритоны Дэ Хи Шин орындаған. Ажарды Колумбиядан сопрано шырқаса, Жиренше Грекиядан болды. Осындай интернационалдық құрам бірінші рет шет мемлекетте Абайды немісше сөйлетті. Сондықтан «Абай» операсы – Еуропада тұңғыш қойылған ұлттық өнеріміздің үлгісі.

Өткен жылы бұл опера Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрында Алан Бөрібаевтың жаңа редакциясымен қайта қойылды. Италиядан режиссер, суретші, балетмейстер шақырылып, жаңадан сахналағанбыз.

– Ал Парижде алғаш рет театрдың өз солистері өнер көрсетеді екен. Театрдың ендігі Абайы кім?

– Францияға екі бірдей Абай, екі Ажар бара жатыр. Олар театрдың баритондары – Болат Жомартов пен Талғат Күзембаев. Ажар рөлінде – Нұржамал Үсенбаева мен Балапан Жұбаева. Көкбайды – Дулат Тоқанов орындайды. Қарлығаш – меццо-сопрано Оксана Давыденко. Яғни, тек қана театрдың өз өнерпаздары қазанның 25-і күні Theatre des Champs-Elysees сахнасында репетиция жүргізіп, 26 қазанда «Абайды» қояды.

– Баяғыда Әміре Қашаубаев Парижде ән салғаннан бері екі елдің арасындағы мәдени байланыстар тәуелсіздік жылдары жақсарды. Барыс-келіс бар десек те, «Абайдың» француз халқымен қауышуын үлкен оқиғалар қатарына жатқызуға болатын шығар?

– Әрине! Дегенмен, жуырда «Astana Ballet» ансамблінің Парижде алғашқы гастрольдік сапары өтті. Басқа да өнерпаздарымыз Францияда өнер көрсетіп жүр. Бірақ, бірінші рет театрдың түгел труппасы, 140 адамнан тұратын өнер ұжымы осы үлкен сапарға шыққалы отыр.

– Театрдың өздігінен осындай үлкен ұжыммен гастрольге шығуы тым қымбатқа түспей ме?

– Театрға негізінен гастрольдер үшін шақтап қаражат бөлінген. Бірақ, биылғы «Франциядағы қазақ мәдениетінің мезгілдері» деген бағдарлама аясында көптеген мәдени шаралар ұйымдастырылады. Осы бағдарламаның арқасында бізге де гастрольге қосымша қаражат бөлінді.

– Өнерде бәсеке деген бола берер. Осы Абайды шырқаудан дәмелі басқа да дарындар бар, театр ішінде тартыс бар деген әңгіме естіліп қалады...

– Егер елде Абайға лайықты екі дауыс болса, ол осы театрдың екі бірдей баритоны. Абайды шырқауға негізінен кастинг болған. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Талғат Күзембаев пен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Болат Жомартовтар осы кастингте жеңген. Тіпті, басқа баритондар бұл бәсекеде бақ сынауға жүректері де дауаламаған. Сондықтан, бұл жерде үлкен мәселе жоқ. Мысалы, баритон дауысты мықты әншінің бірі Андрей Трегубенконы осы рөлге шақырғанбыз. Оның анасы – қазақ, әкесі – украин. Бірақ, Андрейдің кастингке қатысуға аса ықыласы болған жоқ. Абай партиясын орындау – Болат Жомартовтың өмір бойғы арманы. Ал Парижге екі бірдей Абайды апара жатқанымыз, біреуі аяқ астынан сырқаттанып қалса қайтеміз деген сақтық.

– Операдан хабары бар халайық Трегубенконың дауысын, қабілетін өте жақсы бағалайды. Бірақ, Абайды Андрей шырқаса, қазақ табылмай қалды ма деп тағы шулаймыз ғой?

– Несі бар?! Керісінше қайта қуанбаймыз ба? Мұның жақсы жағын көру керек. Егер Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдері Абайды нақышына келтіріп шырқап жатса қуануымыз керек, қолдау таныту қажет. Мысалы, Германияда Абайды қазір Оңтүстік Корея баритоны Дэ Хи Шин айтып жүр.

– Жаңа «Абай» қойылымы деп қайта-қайта айтып отырсыз ғой, оның біз білетін бұрынғы «Абайдан» не өзгешелігі бар? Операға түзетулер енгізуге не түрткі болғанын оқырманға түсіндіре отырсақ...

– Бұл «Абай» қырық жылдан бері қойылып келе жатқан «Абай» емес. Бұрынғы костюмдер, декорациялар тозған. Әбден ескірген. Тіпті, музыка ноталары да өзгертуді, өңдеуді қажетсініп тұрған еді. Операның қоюшы-дирижері Алан Бөрібаев «Қастандық» көрінісін енгізді. Абайға у бермек болатын тұсы қайта оралды. Қойылым синопсисін білетін боларсыз? Сонда Ажар мен Айдар өлім жазасынан аман қалғаннан кейін, Абай жауапкер ретінде айып төлеуі тиіс болып, жұрт қуанып тарқасады. Сол жерде қалған Жиренше, Нарымбет және Мес өздерінің жеңілуінің басты себепшісі Абай деп есептеп, оны өлтірмекке серттеседі. Нарымбет Жирен шеге у береді. Бірақ, бұл уды білмей Айдар ішпек... Мүмкін, мұндай өзгерістер көрерменге ұнауы да, ұнамауы да мүмкін. Ешкімге күштеп талғамымызды таңа алмаймыз. Бірақ, жаңа «Абайдың» премьерасы өте жақсы өтті. Халық қабылдады. Осы «Абай» Германияда қойылған кезде де батыстық БАҚ өкілдері көп және мақтап жазды.

– Асқар Исмайылұлы, «Абай» операсы Еуропа төрінде салтанат құрып, абыройға бөленсін деп тілейміз! Бұл театрдың басты жаңалығы деп келіп отырмыз. Екінші жаңалығыңыз қандай?

– Қараша айында Жорж Бизенің «Інжу іздеушілер» деген қойылымының премьерасы басталады. Біздің театрда қалыптасқан дәстүр бойынша әлемдік операның жауһарлары өз тілін де қойылады. Абай қазақша шырқаса, «Інжу іздеушілер» француз тілін де қойылады. Ендігі жерде, бірінші рет опера театрының басты мақсаты – орысша, немісше, итальянша опералардың мәтіндерін міндетті түрде сахнаның екі жағындағы үлкен мониторлардан титр арқылы аудармасын беріп отырмақпыз. Мен мұны керемет өзгеріс деп есептеймін.

– Шынында да айтарлықтай жаңалық екен!

– Опера өнері онсыз да өте күрделі жанр, жоғары деңгейдегі музыка. Осын да келген соң әбден ойландым. Операсы дамыған елдерде бұл тәжірибе бар. Көрермендер орындықтарының арқалығына орнатылған мониторлардан өзі түсінетін тілін тандап, музыканың оригиналын сахнадан тыңдап отырады. Сонда бізге неге орысша шырқайтын Евгений Онегинді қазақша аударып отырмасқа?! Мүмкіндік бар. Бізде Қазақстанда бәрі орысша түсінеді, біледі, сол себептен «Онегинді» аудармай-ақ қойса да болады деген түсінік бар. Дегенмен, басты мақсаттарымыздың бірі – мемлекеттік тілді насихаттау. Сол себептен, «Инжу іздеушілердің» либреттосын қазақшаға және орысшаға аударып жатырмыз. Екі жақтағы экранда екі тілдегі түсіндірмесі беріліп отырады. Бұл тәжірибе «Абайды» Германияда қойған кезде іске асты, ағылшын және орыс тілдерінде титрдан аудармалары беріліп, Абайды бәрі де түсінді. Парижде де солай болады. Француз және ағылшын тілдерінде титрлардан аударма беріледі. Ал мына біздің театрда репертуардан түспей келе жатқан әлемдік опералар ешқашан қазақша берілген емес.

Менің ойымша, бұл да – Абайдың жолы. Бұл өзгерісті Абай атамыздың өзіме берген белгісі, көрсеткен жолы деп ойлаймын. Өзгелердің жақсысын үйрен, жаманынан жирен деп өткен Абай атамыз алдымен өзімізді қадірлеуді айтқан жоқ па?! Евгений Онегиннің Татьянасын қазақша шырқатқан да Абай атамыз емес пе?! Сондықтан қазір «Евгений Онегин» қазақшаға аударылуда. Абай атамыздың жолымен жүргенде ғана театрымыз да алға ілгерілейді.

– Сіз мәдениет вице-министрі лауазымды қызметін атқардыңыз. Әлемнің әр түкпіріндегі елдердің тәжірибесін көрдіңіз. Осы біздің Абай театрына тағы не жетпейді?

– Абай театры – ұлттық опера және балет өнерінің қарашаңырағы болса да шылқып жатқан қаражаты жоқ. Ізімізден ерген «ініміз» «Астана Опера» театрына деген аздаған қызғанышымыз да бар. Әрине, «Астана Опера» театрының деңгейі өте жоғары. Біздің бұрынғы ұжымымыздың жартысы – көптеген артистері мен мамандары сол театрдан табылып отыр. Әрине, бір күнде жаңа театр дамып кете алмайды. Ел біреу, өнер біреу болғаннан кейін біз ол театрға да тілеулеспіз. Бірақ, 80 жылдан бері бекзат музыка мен өнер тарландарын тудырған тарихи Абай театрының маңыздылығын ұмытуға болмайды.

Әлемдік тәжірибеге келсек, біздің театрдың әлемнің атақты театрларымен салыстырғанда қаражаты, бюджеті аздау. Өз тәжірибеме сүйенсем, біріншіден театрға Қамқорлық кеңесі қажет. Опера мен балет қымбат өнер болғандықтан, ұлттық компаниялар мен банктердің қарайласқаны жөн. Мұндай тәжірибе көптеген мемлекеттерде бар. Содан кейін театр жанынан Қоғамдық қор құру керек сияқты. Содан кейін Театр достарының қоғамы деген де бар. Осы үш ұйымды құрсақ, онда барлық салмақ мемлекетке түспейтін еді. Қазірге Қазкоммерцбанк жүйелі демеушілік танытып келеді. Сол сияқты репертуарларды насихаттап, көрермен тартуда БАҚ-тың да қол дауына зәруміз. Бұл істі де қолға аламыз.

Бұрын біз Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы, қалың қазақ отырған Шымкент қаласында опера театрын аштық. Сол кезде театрдың келешегіне күмән келтіргендер көп болған. Құдайға шүкір, бұл театр бізді жерге қаратқан жоқ. Бірнеше сәтті опералық қойылымдарды сахналап жүр. Сондықтан ұлттық операның болашағына сеніп жұмыс істеу керек.

– Театр таланттарға тапшы емес шығар? Операның бүгінгі жұлдыздары, прима-балерианалары кімдер?

– Мен негізі «жұлдыздар» деген терминді ұнатпаймын. Жұлдыздар эстрадада жүр. Меніңше, опера артистері нағыз өнердің майталмандары. Бұларда керемет дауыс қана емес, есте сақтау қабілеттері, яғни жадылары да мықты болуы керек. Әр тілдегі

арияларды, партияларды түгел жаттап, нотасынан ауытқымай шырқау үшін Құдайдың берген шын таланты қажет. Фонограммамен ән салатын «жұлдыздардың» кейбірі өзі шырқайтын әннің мәтінін де білмейді.

Ал енді операда сирек кездесетін дауыс – тенор. Қазір бізде бір ғана Нұржан Бажекенов бар. Парижге екі Абай, екі Ажар бара жатыр дедім ғой. Ал Айдар жалғыз. Құдай сақтасын, Нұржанға бірдеңе бола қалса, шаруа бітті дей беріңіз. Сондықтан осы жалғыз тенорды әлпештеп отырмыз. Айтпағым, хордың ішінен тенор табылып отыр. Біздің бірқатар солистеріміз Астана Операға ауысқанын айттық. Бірақ, біздің халық өте дарынды. Бір таланттың орнын басатын он дарын дайын.

– Егер құпия болмаса, қазір театрдың бетке ұстаған баритондары, өзіңіз айтқан жалғыз тенор, сопрано солистері қанша жалақы алады?

– Айтайын, жүз мың теңге төңірегінде алады.

– Ой, сахна адамына қаншама күтім керек?!

– Әрине, отбасы бар, басқа шығындары бар.

– Мұны сұрап отырғаным, опера әншілері эстрада әншілері сияқты той жағалай алмайды дегенім ғой.

– Сіз айтқан әншілердің атағы да жағдайы да бар. Басқа театрлармен тиімді келісімшарттармен жұмыс істейді. Ал жас артистерге қиын екені рас. Бірақ, елордаға көшкен артистер үшін қуаныштымын. Жағдайлары да, жалақысы да жақсы. Жаңадан салынған үйлерден жақсы пәтерлер алды. Осында жатақханада тұрып келгендері бар еді. Қалай десек те, опера күрделі де қымбат өнер. Бір ғана қойылым айналасында оркестр, артистер, басқасын қосқанда 200 адам жүреді. Қандай тетігі табылса да бұл өнер қолдауды қажет етеді.

Ең қиын кезеңдерде Абай театрын сақтап, дамытып қана қоймай, Астанада зәулім, заманамен таласқан тағы бір опера мен балет театрының ашылуы Елбасының арқасы екендігін айту керек. Қазір бұл екі театрдың да деңгейі Еуропаның айтулы қалаларындағы опера театрларының дәрежесінен кем емес. Көршілеріміздің көбісі опера театрларынан айырылып қалды. Оның кері әсерін де көріп отыр. Сол сияқты домбыра мен қобызды көз қарашығындай сақтап, насихаттай беруіміз керек. Дәстүрлі өнерге де қамқорлық қажет. Қазір мың адамды сахнаға шығарып, домбырадан әлемдік байқау өткізсек, жүлделі орындардың бәрін өзіміз алар едік. Енді осы барымызды бағалап, дәріштеп, жетілдіре түссек болғаны.

– Мәселен, сіз белгілі музыкант қана емес, әйгілі Жұбановтар әулетінің күйеу баласысыз, ұлыңыз Алан Бөрібаев Еуропадағы ең таңдаулы дирижердің бірі. Айтпағым, өміріңіз, тағдырыңыз да осы музыка төңірегінде. Жалпы, осындай биік өнерге жастарды ғашық етудің жолы қандай?

– Мен осы театрға бірінші рет анам - мен бес жасымда «Доктор Айболит» қойылымына келіппін. Бар малей шыққанда орындықтың артына тығылып, қорқып отырғаным есімде. Менен бес жас үлкен әпкем хореографиялық училищеге түсіп, балет труппасында жүрген. Қысқасы, бұл театр менің бүкіл өмірім. Жарты ғасыр бойы үздіксіз осы театрдың есігінен кіріп-шығып жүрмін. Меніңше, бала кішкентай күнінен нені тыңдап өссе, өнерді сол деңгейде бағалайды. Қара базарларда жүк тасып, ортанқол эстрада әншілерін тыңдап жүрген жастарға басқа өнердің бар екенін қалай жеткізе аласыз. Мәселен, қазақ жастары опера тыңдаса, түсінбей қалады деп ойламаймын. Мысалы, бір

ғана «Қыз Жібек» операсында 19 қазақ әні бар. Әрқайсысы жүрегінді тербеп, қолқанды суырып алардай әсерлі. Сондықтан тыңдарманды бала күнінен осыған тәрбиелеу қажет. Ол музыкант болар, болмас, бірақ барынша музыкалық білім беруге ұмтылу қажет.

Бұрын театрда «Балалар абонементі» деген бағдарлама болған. Демалыс күндері, күндіз балаларға ата-аналарымен бірге тамашалайтын қойылымдарды қайтарсақ деген жоспар бар.

– Алан жайлы айтыңызшы. Ол сіздің ұлыңыз екендігін айтпағанның өзінде Еуропадағы ең беделді музыканттың, танымал дирижердің бірі ғой. Оның үстіне Парижге бара жатқан «Абай» операсының қоюшы-дирижері.

– Аланды осындай деңгейге жеткізу үшін қаншама еңбегімізді жұмсадық! Ол қазір алты тілде еркін сөйлейді. Қомақты, қалың партитураларды бала кезінен 3 күнде жатқа тапсырасың деп, тапжылтпай үйреттік! Егер сол кезде осының бәріне Алан төтеп бермесе, шыдамы жетпесе онда бүгінгі дәрежесіне көтеріле алмайтын еді. Талант, музыканы түсіну бөлек нәрсе де, партитуралардың бір нотасынан ауытқытпай меңгеру үшін екінің біріне бұйырмаған есте сақтау қабілеті болуы қажет. Мысалы, мына партитураны қараңызшы, бүкіл оркестрде қаншама музыкалық аспаптар бар – олардың ішінде флейта, гобой, кларнет, фагот – үрмелі, шекті аспаптар шеруі. Ұрмалы аспаптардың саны жиырмаға жетеді. Оның бәріне жетекшілік ету өте күрделі шаруа. Дирижерлік кәсіп – әлемдік деңгейдегі ең жоғары өнер. Мұны қазіргі күнделікті құлақ шаршатқан әншілер білмейді де, түсінбейді де. Кейбір терминдерді өмірінде естіп көрмеген. Сондықтан екі ән айтып жұлдыз болып жүргендер мен опера өнерінің арасын үлкен шыңырау бөліп жатыр. –

Ұлттық өнердің абыройын асырып, мәдениеттің мерейін тасытып, табысты оралыңыздар! Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен. Айнаш ЕСАЛИ